

орнытылған. 2009 жылы 16 кен орындарын игеру жоспарлануда. Олардың STAR түріндегі жаңа платформалар орнатылады. Қалған кен орындары не осы платформаларға, немесе бұрыннан бар платформаларға жалғанған болады. Ұңғымалардың жерастында аяқталуын қолданумен кен орындарын игеруге мысал ретінде келесілерді жатқызуға болады:

- King 1800 м тереңдікте орналасқан және Marlin TLP платформасына жалғанған;
- Aspen 1033 м тереңдікте орналасқан және Buivw inkle платформасына жалғанған;
- Navajo Nansen Star платформасына жалғанған және бір ұңғымадан күніне 50 млн. куб.фут газ өндіреді;
- King Kong және Yosemite Aiegheny TLP ға жалғанған;
- Sangria 500 м тереңдікте орналасқан және Salsa платформасына жалғанған;
- Balboa 1167 м тереңдікте орналасқан және Boomvang SPAR платформасына жалғанған және т.б.

1.5.4 Парсы шығанағы

Катар

Мұнай. Мұнайдың алынатын қорлары 15,2 млрд. баррель деп бағаланады. Катардың ең ірі мұнай кен орны Dukhan құрлықта орналасқан. Сонымен қатар, Катарда алты шельфті кен орындары бар: Buі Hanine, Maydan Mahzam, Id al-Shargi North Dome, al-Shaheen, al-Rayuan және Al-Khalij. Катар өдірілетін мұнайдың барлығын Азияға экспорттайды.

Al-Rayuan кен орнын пайдалану 1996 жылы басталған. Ол күніне 25 мың баррель мұнай өндіреді, ал 2009 жылға ол күніне 60 мың баррель мұнай өндіруі керек.

Газ. Катар Ресей мен Ираннан кейінгі газ қорларының көлемі бойынша үшінші орынға ие ел болып табылады. 2010 жылға сұйытылған газдың өндірісі 23 млн т/жылға дейін өседі. Ал 2015 жылға дейін 30 млн т/жылға дейін. Қорлардың аса үлкен бөлігі North шельфті кен орнында шоғырланған.

Катар “Dolphin” жобасын жүзеге асыруға кірісті, оған Шығанақ елдері арасындағы бірінші су астындағы газ құбырын төсеу жатады. Ras Laffan нан райзерлі платформаға дейін теңізден жағалау бөлігінің ұзындығы Абу Дабу жағалауында 340 км, құбырдың диаметрі 48 дюйм. 2005 жылға құбыр желісі бойынша экспортқа жылына 730 млрд. куб.фут тасымалдау жоспарлануда.

Алыстағы материктердің жағалаулы аудандарында орналасқан табиғи газдың үлкен әлемдік резервтері және энергиятасымалдау алып жүргіштерге